**Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы N 1058 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Корей Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дулат Хангерейұлы Бәкішевке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

*Жоба*

## Азияға және Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссия Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісім 2006 жыл

## Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісім

Уағдаласушы Тараптар,

Азияда және Азия мен көршілес өңірлер арасында халықаралық темір жол тасымалдарын ынталандыру мен дамыту қажеттілігін сезіне отырып,

болып жатқан жаһандану процесі барысында халықаралық сауданың кеңеюі салдарынан тауарлардың халықаралық тасымалдарының күтіліп отырған ұлғаюын ескере отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия және Тынық мұхитына арналған экономикалық және әлеуметтік комиссиясына (бұдан әрі - БҰҰ АТМЭӘК) мүше-елдер арасындағы Трансазия темір жол желісін қалыптастыру мен пайдалануға енгізу ісіндегі ынтымақтастық туралы еске сала отырып,

БҰҰ АТМЭӘК мүшелері арасындағы байланысты нығайту және халықаралық сауда мен туризмді дамыту үшін, халықаралық маңызы бар станциялар мен контейнерлік терминалдарды қоса алғандағы, Трансазия темір жол желісін халықаралық тасымалдар мен қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес дамыту қажеттігін ұйғара

о т ы р ы п ,

сондай-ақ, халықаралық интермодальдық көлік жүйесінің тиімді құрамдас бөлігі ретінде темір жолдардың, әсіресе теңізге шығалмайтын және транзиттік елдердің ерекше қажеттіліктерін қанағаттандырудағы рөлін ескере отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап. Халықаралық маңызы бар темір жол желілерін белгілеу**

Осы келісімнің мақсаттары үшін осы Үкіметаралық келісімге 1-қосымшада қолданылатын "халықаралық маңызы бар темір жол желілері" термині:

а) қазіргі уақытта тұрақты халықаралық тасымалдар үшін пайдаланылатын темір жол желілеріне;

b) тұрақты халықаралық тасымалдар үшін пайдалануға арналған қолданыстағы, салынып жатқан, сол сияқты жоспарланып отырған темір жол желілеріне де;

c) әртүрлі мемлекеттердегі немесе бір мемлекеттің ішіндегі терминалдар арасында теңіздер немесе көлдер арқылы уздіксіз тасымалдарды қамтамасыз ететін паромдық өткелдерге;

d) оларда жүктерді кедендік тазалау жөніндегі мүмкіндіктер/қызметтер көзделген шекаралық өткелдерге, жолтабанының ені әртүрлі темір жолдардың түйісу пункттеріне , паромдық терминалдарға және темір жолмен қосылған контейнерлік терминалдарға қатысты.

**2-бап. Трансазия темір жол желісін бекіту**

Уағдаласушы Тараптар (бұдан әрі - Тараптар) бұл мақсатта осы үкіметаралық келісімге Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімге (бұдан әрі - Үкіметаралық келісім) 1-қосымшада санамаланған халықаралық маңызы бар темір жол желілерін олар өздерінің мемлекетішілік бағдарламаларының шеңберінде орындауды көздеп отырған халықаралық маңызы бар темір жол желілерін дамытудың үйлестірілген жоспары ретінде бекітеді.

**3-бап. Трансазия темір жол желісін дамыту**

Трансазия темір жол желілері осы Үкіметаралық келісімге 2-қосымшада жазылған негізгі техникалық сипаттамаларға қатысты негізгі ережелерге сәйкес келтіріледі.

**4-бап. Үкіметаралық келісімге қол қою және оған қатысушы мәртебесін алу рәсімі**

1. Осы Үкіметаралық келісім БҰҰ АТМЭӘК мүшелері болып табылатын мемлекеттер үшін 2006 жылғы 10 қарашадан бастап 11 қарашаны қоса алғанға дейін Корей Республикасының Пусан қаласындағы, ал содан кейін 2006 жылғы 16 қарашадан бастап 2008 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін БҰҰ-ның Нью-Йорк қаласындағы Орталық мекемелерінде қол қою үшін ашық.

2. Бұл мемлекеттер мынадай жолмен осы Үкіметаралық келісімге қатысушы бола алады:

а) соңынан ратификациялау, қабылдау немесе бекіту болатын, ратификациялау, қабылдау немесе бекіту шартымен қол қою; немесе

b) қосылу.

3. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе қосылу Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына (бұдан әрі - БҰҰ Бас хатшысы) тиісті нысанда жасалған құжатты сақтауға тапсыру жолымен жүзеге асырылады.

**5-бап. Үкіметаралық келісімнің күшіне енуі**

1. Осы Үкіметаралық келісім кемінде сегіз (8) мемлекеттің үкіметтері 4-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес Үкіметаралық келісімге қатысушы болуға келісім берген күннен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Ратификациялау қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған әрбір мемлекетке қатысты Үкіметаралық келісімнің күшіне ену шарттары қанағаттандырылған күннен бастап Үкіметаралық келісім осы мемлекет үшін ол осы құжатты сақтауға тапсырған күнінен бастап тоқсан (90) күн өткеннен кейін күшіне енеді.

**6-бап. Трансазия темір жол желісі жөніндегі жұмыс тобы**

1. Осы Үкіметаралық келісімнің жүзеге асырылу барысын қарау үшін және кез келген ұсынылатын түзетулерді қарау үшін БҰҰ АТМЭӘК Трансазиялық темір жол жөніндегі жұмыс тобын құрады (бұдан әрі - Жұмыс тобы). БҰҰ АТМЭӘК мүше барлық мемлекеттер Жұмыс тобының мүшелері болып табылады.

2. Жұмыс тобы өзінің кеңестерін екі жылда бір рет өткізеді. Кез келген Тарап, хатшылыққа жолданған хабарлама арқылы да Жұмыс тобының арнайы кеңесін шақыру туралы өтініш бере алады. Хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелерін келіп түскен өтініш туралы хабардар етеді және егер Тараптардың кемінде үштен бірі хатшылық хабардар еткен күннен бастап төрт (4) ай кезеңі ішінде өзінің өтінішпен келісімі туралы білдірсе, онда Жұмыс тобының арнайы кеңесін шақырады.

**7-бап. Үкіметаралық келісімнің негізгі мәтініне түзетулер енгізу рәсімі**

1. Осы Үкіметаралық келісімнің негізгі мәтініне, осы бапта көрсетілген рәсімдерге сәйкес түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Үкіметаралық келісімге кез келген Тарап түзетулер енгізе алады.

3. Кез келген ұсынылған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелері арасында, оны қабылдау көзделген Жұмыс тобының кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн қалғанда таратады.

4. Түзетуді Жұмыс тобы қатысушы және дауыс беруші Тараптардың үштен екісінің көпшілік даусымен бекітеді. Хатшылық бекітілген түзетуді БҰҰ Бас хатшысына жібереді, ол қабылдау үшін оны барлық Тараптардың арасына таратады.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны Тараптардың үштен екісі қабылдаған соң он екі (12) айдан кейін күшіне енеді. Түзету, ол күшіне енбес бұрын осы түзетуді қабылдамайтындығы туралы мәлімдегендерді қоспағанда, барлық Тараптарға қатысты күшіне енеді. Осы тармаққа сәйкес қабылданған түзетуді қабылдамайтындығы туралы мәлімдеген кез келген Тарап осыдан кейін кез келген

уақытта осындай түзетуді қабылдағаны туралы құжатты БҰҰ Бас хатшысына сақтауға жібере алады. Түзету осы мемлекетке қатысты көрсетілген құжатты сақтауға тапсырған күннен кейін он екі (12) айдан кейін күшіне енеді.

### 8-бап. Үкіметаралық келісімге 1-қосымшаға түзетулер енгізу рәсімі

1. Осы Үкіметаралық келісімге 1-қосымшаға осы бапта көзделген рәсімге сәйкес түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. 8-баптың мақсаттары үшін түзету мәні аумағында орналасқан тарап "тікелей мүдделі Тарап" болып табылады.

3. Халықаралық шекаралық өткелді өзгертетін түзетулерді консультацияны және түзету мәні болып табылатын сол шекаралық өткелге ие тікелей мүдделі көршілес мемлекеттің жазбаша келісімін қамтамасыз етуден кейін тікелей мүдделі Тарап қана ұсына алады.

4. Халықаралық шекаралық өткелді өзгертпейтін түзетулерді кез келген тікелей мүдделі Тарап ұсына алады.

5. Тараптардың кез келгені ұсынған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелері арасында, оны қабылдау көзделген Жұмыс тобының кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн бұрын таратады.

6. Түзетуді Жұмыс тобы қатысушылардың және дауыс беруге қатысқан Тараптардың көпшілік даусымен бекітеді. Бекітілген түзетуді хатшылық БҰҰ Бас хатшысына жібереді, ол оны барлық Тараптардың арасында таратады.

7. Осы баптың 6-тармағының ережелеріне сәйкес бекітілген түзету, егер БҰҰ Бас хатшысы хабарлаған күннен бастап алты (6) ай ішінде Тараптардың кемінде үштен бірі БҰҰ Бас хатшысын олар осы түзетуге қарсы екендігі туралы хабардар етсе, қабылданған болып есептеледі.

8. Осы баптың 7-тармағына сәйкес қабылданған түзету барлық Тараптар үшін осы баптың 7-тармағында көрсетілген алты (6) ай өткен күннен бастап үш (3) айдан кейін күшіне енеді.

### 9-бап. Үкіметаралық келісімге 2-қосымшаға түзетулер енгізу рәсімі

1. Осы Үкіметаралық келісімге 2-қосымшаға осы бапта көзделген рәсімге сәйкес түзетулер енгізілуі мүмкін.

2. Түзетулерді кез келген Тарап ұсына алады.

3. Кез келген ұсынылған түзетудің мәтінін хатшылық Жұмыс тобының барлық мүшелері арасында, оны қабылдау көзделген Жұмыс тобының кеңесіне дейін кемінде қырық бес (45) күн бұрын таратады.

4. Түзетуді Жұмыс тобы қатысушылардың және дауыс беруге қатысқан Тараптардың көпшілік даусымен бекітеді. Қабылданған түзетуді хатшылық БҰҰ Бас хатшысына жібереді, ол оны барлық Тараптардың арасында таратады.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес қабылданған түзету, егер хабарлама берілген күннен бастап алты (6) ай ішінде Тараптардың үштен бірінен кемі БҰҰ Бас хатшысын өзінің түзетуге қарсы екендігі туралы хабардар етсе, қабылданған болып саналады.

6. Осы баптың 5-тармағына сәйкес қабылданған түзету барлық Тараптар үшін осы баптың 5-тармағында көрсетілген күннен бастап алты (6) ай өткен соң үш (3) айдан кейін күшіне енеді.

**10-бап. Ескертпелер**

13-баптың 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Үкіметаралық келісімнің кез келген ережелеріне қатысты ескертпелерге жол берілмейді.

**11-бап. Үкіметаралық келісімнен шығу**

Кез келген Тарап БҰҰ-ның Бас хатшысына жазбаша хабарлама жолымен осы Үкіметаралық келісімнен шыға алады. Шығу БҰҰ-ның Бас хатшысы осы хабарламаны алған күннен бастап он екі ай өткен соң күшіне енеді.

**12-бап. Үкіметаралық келісімнің қолданысын тоқтату**

Егер Тараптардың саны қатарынан он екі (12) ай кезеңінде сегізге (8) дейін азайса, осы Үкіметаралық келісімнің қолданысы тоқтатыла тұрады. Мұндай жағдайда хатшылық Тараптарды хабардар етеді. Егер Тараптар саны сегізге (8) дейін жетсе, осы Үкіметаралық келісімнің ережелері қайта күшіне енеді.

**13-бап. Дауларды реттеу**

1. Осы Үкіметаралық келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дауласушы Тараптар келіссөздер немесе консультациялар жолымен шеше алмайтын, екі немесе одан да көп Тараптар арасындағы кез келген дау, араларында дау туындаған Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша бітісуге жатады және дауласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша сайланған тиісінше бір немесе бірнеше делдалға беріледі. Егер бітісу туралы өтініш тапсырылған күннен бастап үш (3) ай ішінде дауласушы Тараптар делдалды немесе делдалдарды таңдауға қатысты келісімге келмесе, осы Тараптардың кез келгені БҰҰ Бас хатшысына оған дауды шешу үшін берілетін бірыңғай делдалды тағайындау туралы өтініш жасай алады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес тағайындалған делдалдың немесе делдалдардың ұсынымының міндетті күші болмайды, алайда тиісті дауласушы Тараптардың қайта қарауы үшін негіз болады.

3. Араларында дау туындаған Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша делдалдың немесе делдалдардың ұсынымын міндетті күші бар ретінде қабылдауға алдын ала келісе алады.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары дауласушы Тараптар өзара келіскен дауларды реттеудің басқа шараларын жоққа шығарушы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

5. Кез келген мемлекет ратификациялау грамотасын, қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсыру кезінде өзін осы баптың бітісуге қатысты ережелерімен байланысты деп есептемейтіндігі туралы ресми ескертпе жасай алады.

Басқа Тараптар осындай ескертпені сақтауға берген кез келген Тарапқа қатысты осы баптың бітісуге қатысты ережелерімен байланысты болуын тоқтатады.

**14-бап. Үкіметаралық келісімді қолданудағы шектеулер**

1. Осы Үкіметаралық келісімге сәйкес Тарап Трансазия темір жол желісін дамыту бойынша мүмкін болатын күш-жігерін жұмсайтын болады. Осы Үкіметаралық келісімнің ешбір ережесі Тараптардың кез келгеніне БҰҰ Жарғысымен үйлесімді және қалыптасқан жағдаймен шектелетін, ол өзінің сыртқы және ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті деп санайтын шараларды қабылдауға кедергі болады деп түсіндірілмеуге тиіс.

2. Осы Үкіметаралық келісіміне сәйкес Тарап Трансазия темір жол желісін дамыту үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Осы Үкіметаралық келісімнің ережелері Тараптардың қайсысының болмасын оның аумағы арқылы тауарлар мен жолаушылардың қозғалысына рұқсат беру міндеттемесін қабылдауы ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

**15-бап. Үкіметаралық келісімге қосымшалар**

Үкіметаралық келісімге 1 және 2-қосымшалар осы Үкіметаралық келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

**16-бап. Үкіметаралық келісімнің хатшылығы**

БҰҰ АТМЭӘК осы Үкіметаралық келісімнің хатшылығы болып тағайындалады.

**17-бап. Үкіметаралық келісімнің депозитарии**

БҰҰ-ның Бас хатшысы осы Үкіметаралық келісімің депозитарии болып тағайындалады.

Осыны куәландыру үшін, оған тиісінше уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Үкіметаралық келісімге қол қойды.

Корей Республикасының Пусан қаласындағы 2006 жылғы 10 қарашадан бастап ағылшын, қытай және орыс тілдерінде бір данада қол қою үшін ашық, әрі үш мәтін де тең дәлме-дәл болып табылады және күші бірдей.

Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімге 1-қосымша

## Трансазия темір жол желісі

Трансазия темір жол желісі төменде көрсетілген халықаралық маңызы бар темір жол желілерінен тұрады.

Әрбір елдегі, Трансазия темір жол желісін құрайтын желілер қалың шрифтпен көрсетіледі (бірінші және соңғы станция); бұдан әрі станциялар тігінен көрсетіледі. Тармақтар тораптық станцияның оң жағында көрсетіледі. Трансазия темір жол желісіндегі барлық желілердің маңызы бірдей.

Егер желілер шекаралық бекеттен басталса немесе аяқталса, онда бірінші немесе соңғы станциядан кейін осы желіде немесе оның алдында жақшаның ішінде шекаралық өткелдің атауы және тиісті көрші мемлекеттің атауы көрсетілді.

Желіде арнайы функцияларды орындайтын станциялардың атауынан кейін, тиісті функциясы жақшада курсивпен көрсетіледі. Функционалдық мақсаты бойынша мындай бөлу пайдаланылады:

*(шекаралық станция);*

*(жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны);*

*(тораптық станция);*

*(порт жанындағы станция);*

*(паромдық терминал)*

Жолдың жетіспейтін учаскерлері шаршы жақшаларда [ ] көрсетіледі.

ИСО нормаларына сәйкес келетін және сәйкес келмейтін ұзындығы кемінде 20 фут контейнерлерді өңдеуге арналған контейнерлік терминалдары бар станциялар бір сызықпен сызылады.

**Трансазия темір жол желісінің тізбесі**

**Армения**

**Айрум - Нюведи**

(Садахло, Грузия)

| Айрум *(шекаралық станция)*

| Гюмри *(тораптық станция)* -> Ахурян *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Догу Капи, Түркия)

| Масис *(тораптық станция)* -> Ереван - Иджеван

V Ерасх *(шекаралық станция)*

(Белидаг - Ордубад, Әзірбайжан)

Мегри

Нюведи *(шекаралық станция)*

(Агбент, Әзірбайжан)

**Әзірбайжан**

**Ялама - Беюк-Кясик**

(Самур, Ресей Федерациясы)

| Ялама (*шекаралық станция*)
|
| Баку (поромдық) терминал -> (*Иран Ислам Республикасындағы, Қазақстандағы, Ресей Федерациясындағы және Түркменистандағы* Каспий теңізі порттарына дейінгі паромдық буын)
|
| Алят (*тораптық станция*) -> Али Байрамли (*тораптық станция*) - Астара (*шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны*) - (Астара, Иран Ислам Республикасы)
|
| Али Байрамли (*тораптық станция*) - Агбент (*шекаралық станция*) - (Нюведи-Мегри (*шекаралық станция*), Армения) - Ордубад - Джульфа (*шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны*) - (Джульфа, Иран Ислам Республикасы)
V

Акстафа Беюк Кесик (*шекаралық станция*) (Гардабани, Грузия)

**Бангладеш**

**Дарсана - Гундум**

(Гиде, Үндістан)

| Дарсана (*шекаралық станция*)
|

| Ишурди *(тораптық* -> Абдулпур *(тораптық станция)* -
| *станция)* Роханпур *(шекаралық станция)* - (Синхабад,
| Индия)
|
| -> Абдулпур *(тораптық станция)* -
| Парбатипур - Бирол *(шекаралық станция)* -
| (Радхикапур, Индия)
|
V Тонги (*тораптық* -> Дакка
*станция)*
Акхаура -> Кулаура - Шахбазпур *(шекаралық станция)* -
*(тораптық* (Махисасан, Индия)
*станция)*
Читтагонг
*(порт* *жанындағы*
*станция)*
Дохазари
[Гундум *(шекаралық*
*станция)*
*(шекаралық*
*станция)*
Мьянма]

**Камбоджа**

**Пойпет - Сиануквилль**

(Клонгтук,
Таиланд)
| [Пойпет
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Сисопхон]
| Батденг -> [Кампонгчам *(шекаралық станция)* -
| *(тораптық* (Локнинь, Вьетнам)]
V *станция)*

Пномпень
*(тораптық*
*станция)*

Сиануквилль *(порт жанындағы станция)*

**Қытай**

**Алашанкоу - Ляньюнган**

(Достық, Қазақстан)

| Алашанкоу *(шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)*
|
|
|
|
V

Үрімші

Турфан *(тораптық станция)* -> Каши *[(шекаралық өткел және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны -* (Торугарт, Қырғызстан)]

| Ланьчжоу

| Баоцзи *(тораптық станция)* -> Куньмин *(тораптық станция)* - Сиянюн *(тораптық станция)* - Дали *(тораптық станция)*- | [Качан *(шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Мьиткина, Мьянма)]

| |

| -> [Сягуань - Цзинхун *{шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* -> - (Ботен, Лаосс ХДР)]

| |

| -> Дали *(тораптық станция)* - [Руэли -> *(шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Мьюз, Мьянма)]

| Куньмин *(тораптық станция)* - Хэкоу *шекаралық станция)* - (Лаокай, Вьетнам)

| Куньмин *(тораптық станция)* - Наньнин *(тораптық станция)* - Гуанчжоу *(тораптық станция)*

| |

| -> Наньнин *(тораптық станция)* -

| Хэнян (Пекин - Шэньчжень желісімен
| қатынас)
| |
| -> Гуанчжоу (Пекин - Шэньчжэнь
V желісімен қатынас)
Сиань
Чжэнчжоу -> (Пекин - Шэньчжэнь
*(тораптық станция)* желісімен қатынас)
Сичжоу -> (Тяньцзинь - Шанхай
*(тораптық станция)* желісімен қатынас)
Ляньюнган *(порт*
*жанындағы станция)*

**Еренхот - Даньдун**

(Дзамын-Уд,
Монғолия)
| Еренхот
| *(шекаралық станция*
| *және ені әртүрлі жолдардың*
| *түйісу орны)*
|
| Пекин *(тораптық* -> (Пекин-Шэньчжэнь желісімен қатынас)
| *станция)*
|
V Тяньцзинь *(порт*
*жанындағы станция)*
Шэньян *(тораптық* -> (Маньчжурия - Далянь желісімен қатынас)
*станция)*
Даньдун
*(шекаралық станция)*
(Синыйджу, КНДР)

**Маньчжоули - Далянь**

(Забайкальск, Ресей Фед.)
| Маньчжоули *(шекаралық станция және*
| *ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)*
| Харбин *(тораптық станция)* -> Суйфенхе *{шекаралық станция және*
| *ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* -
| (Гродеково, Ресей Федерация)
V Чанчунь *(тораптық* -> Туманган *(шекаралық станция)* -
*станция)* (Намьянг, КХДР)

Шэньян *(тораптық станция)* -> (Еренхот-Даньдун желісімен қатынас)

Далянь *(порт жанындағы станция)*

**Пекин - Шэньчжэнь**

| Пекин

| Чжэнчжоу -> (Алашанкоу-Ляньюнган желісімен қатынас)

| *(тораптық станция)*

| Ухань

| Хэнян *(тораптық станция)* -> Наньнин *(тораптық станция)* - Пинсян *{шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны*)* - (Донгданг, Вьетнам)

| (* Жолтабан ені стандартты желі Гиаламга дейін Вьетнамға барады)

| |

| -> Наньнин - Куньмин

| Гуанчжоу *(тораптық станция)* -> Наньнин *(тораптық станция)* - Куньмин

|

-> Пинсян *(шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны*)* - (Донгданг, Вьетнам)

V

(*Жолтабан ені стандартты желі Гиаламга дейін Вьетнамға барады)

Шэньчжэнь

**Тяньцзин - Шанхай**

| Тяньцзин *(порт жанындағы станция)*

| Цзинань *(тораптық станция)* -> Циндао *(порт жанындағы станция)*

| Сюйчжоу *(тораптық станция)* -> (Алашанкоу - Ляньюнган) желісімен қатынас

V

Наньнин

Шанхай *(порт жанындағы станция)*

**Корей Халық Демократиялық Республикасы**

**Синыйджу - Кэсон**

(Даньдун, Қытай)

| Синыйджу
| (шекаралық станция)
| Пхеньян
| Кэсон
V Бондун (шекаралық станция)
(Дорасан, Корей Республикасы)

**Туманган - Кумгангсан**

(Хасан, Ресей Фед.)
| Туманган -> Намьян *(шекаралық станция)* - (Туманган,
| *(тораптық* Қытай)
| *станция,*
| *шекаралық*
| *станция және*
| *ені әртүрлі*
| *жолдардың*
| *түйісу орны)*
| Раджин Раджин *(порт жанындағы станция)*
| ( *тораптық*
V *станция)*
Чхонджин -> Намьян *(шекаралық станция)* (Туманган, Қытай)
*(тораптық*
*станция)* Чхонджин *(порт жанындағы станция)*
Ковон
Вонсан
Хэгымган
Онджонгри
*(шекаралық станция)*
(Тэджин, Корей Республикасы)

**Грузия**

**Гантиади - Гардабани**

(Веселое, Ресей Фед.)
| Гантиади
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Сенаки -> Поти *(порт жанындағы станция)*
| *(тораптық*
V *станция)*
Самтредиа -> Батуми *(порт жанындағы станция)*
*(тораптық*

*станция)*

Тбилиси (*тораптық станция*) -> Садахло *(шекаралық станция)* - (Айрам, Армения) [Ахалкалаки *(шекаралық станция және ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Карс, Түркия)]

Гардабани *(шекаралық станция)* (Беюк-Кясик, Әзірбайжан)

**Индия**

**Аттари - Джирибам**

(Вагах, Пакистан)

Атари *(шекаралық станция)*

Дхандари Калан

Дели *(тораптық станция)* -> Матхура *(тораптық станция)* -Агра - Нагпур тораптық станция) - Виджаявада *(тораптық станция)* - Ченнай *(порт жанындағы станция)* - Джоларпеттай *(тораптық станция)* - Мадурай *(тораптық станция)* - Тутикорин порт жанындағы станция)

-> Матхура *(тораптық станция)* - Мумбай *(порт жанындағы станция)*

-> Нагпур *(тораптық станция)* - Мумбай *(порт жанындағы станция)*

-> Нагпур *(тораптық станция)* - Калькутта *(порт жанындағы станция)*

-> Виджаявада *(тораптық станция)* - Висакхапатнам - Калькутта *(порт жанындағы станция)*

-> Джоларпетай *(тораптық станция)* - Мумбай *(порт жанындағы станция)*

-> Мадурай (тораптық станция) - Рамесварам (паромдық терминал) - Талайманнар, Шри-Ланка)

Канпур (тораптық станция) Раксаул (шекаралық станция) - (Биргундж, Непал)

Мугхалсарай

Ситарампур (тораптық станция) -> Раксаул (шекаралық станция) - (Биргундж, Непал)

Калькута (тораптық станция және порт жанындағы станция) -> Халдия (порт жанындағы станция)

Геде (шекаралық станция) (Дарсана, Шахбазпур, Бангладеш)

Махисан (шекаралық станция)

Бадарпур

Джирибам (шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны) [(Таму, Мьянма)]

**Индонезия**

**Мерак - Баньюванги**

| Мерак (паромдық терминал)

| Джакарта (тораптық станция және порт жанындағы станция) -> Сукабуми - Падаларанг - Чикампек (тораптық станция)

| Чикампек (тораптық -> Чиребон (тораптық станция) - Семарангтаванг (тораптық станция) -

| *станция)* Сурабаяпасартури *(порт жанындағы*
| *станция)*
V Прупук *(тораптық станция)* - Пурвокерто - Кроя *(тораптық станция)*
Бангдунг
Гедебадзе
Кроя *(тораптық станция)* Пурвокерто - Прупук *(тораптық станция)*- Чиребон *(тораптық станция)*
Баньюванги *(паромдық терминал)*

**[Банда Ачех] - Пангкалансусу - Рантаупрапат**

[Банда Ачех]
| Пангкалансусу
| Медан *(тораптық станция)* -> Белаван *(порт жанындағы станция)*
| Тебингтинги -> Сиантар
| *(тораптық станция)*
| Кисаран *(тораптық* -> Тангджунбалай
| *станция)*
| Рантаупрапат -> [Паякурубули]
V

**Телук-Баюр - Муаро**

Телук-Баюр *(порт жанындағы станция)*
| Букитпутус -> Индарунг
| *(тораптық станция)*
| Паданг
| Лубук-Алунг -> Нарас
| *(тораптық станция)*
| Паданг-Панджанг -> Букиттинги - Паякумбух
| *(тораптық станция)*
| Муаракалабан -> Савахлунто
V *тораптық станция)*
Муаро -> [Лубуклинга]

**Лубуклинга - Панджанг**

| Лубуклинга
| Прабумулих -> Кертапати
| *(тораптық станция)*
V Панджанг *(паромдық терминал)*

**Иран Ислам Республикасы**

**Рази - Сарахс**

| (Капикой, Түркия)
| Рази *(шекаралық станция)*
|
| Софиян *(тораптық станция)* -> Джульфа *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Джульфа, Азербайджан)
V

Тебриз

Миане

Казвин *(тораптық станция)* -> [Рашт - Бандаранзали *(паромдық терминал)* - Астара *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)]* - (Астара, Әзірбайжан) *(Әзірбайжандағы, Қазақстандағы, Ресей Федерациясындағы және Түркменстандағы* Каспий теңізі порттарына дейінгі паромдық желі)

| Тегеран *(тораптық станция)* -> Ком *(тораптық станция)* - Бадруд *(тораптық станция)* - Мейбод - Бафк *(тораптық станция)* - Керман - Захедан (жолтабан ені әртүрлі *жолдардың түйісу орны)*- Мирджаве *(шекаралық станция)* - Кохи-Тафтан, Пакистан
|
| -> Ком *(тораптық станция)* - Ахваз *(тораптық станция)* - Хоррамшар *порт жанындағы станция)*
|
| -> Ахваз - Бендеримам-Хомейни *(порт жанындағы станция)*
|
| -> Бадруд *(тораптық станция)* - Исфахан
|
| -> Бафк (Сарахс - Бендер-Аббас желісімен қатынас)
|

| Гермсар *(тораптық* -> Бендер-Амирабад *(паромдық терминал)*
| *станция)* ( *Әзірбайжандағы, Қазақстандағы,*
V *Ресей Федерациясындағы және*
*Туркменстандағы* Каспий теңізі
порттарына дейінгі паромдық қатынас)
Шахруд
Кашмер *(тораптық* -> (Сарахс - Бендер-Аббас желісімен
*станция)* қатынас)
Фариман *(тораптық* -> Месхед
*станция)*
Сарахс
*(шекаралық*
*станция және*
*жолтабан ені*
*әртүрлі жолдардың*
*түйісу орны)*
(Сарахс,
Түркменстан)

**Сарахс - Бендер-Аббас**

(Сарахс,
Түркменстан)
| Сарахс *(шекаралық*
| *станция және*
| *жолтабан ені*
| *әртүрлі жолдардың*
| *түйісу орны)*
| Фариман *(тораптық* -> Месхед
| *станция)*
| Кашмер
| Санган *(тораптық* -> [Герат *(шекаралық станция)* -
| *станция)* (Ауғанстан)]
V Бирдженд
Чандормалу *(тораптық* -> Ардакан
*станция)*
Бафк *(тораптық* -> (Рази-Мирджаве желісімен
*станция)* қатынас)
Бендер-Аббас
*(порт жанындағы станция)*

**Қазақстан**

**Петропавл - Достық**

| (Утяк, Ресей Федерациясы)
| Петропавл
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Көкшетау
| Астана *(тораптық* -> Есіл - Тобыл *(тораптық станция*
| *станция)* *және шекаралық станция)* -
| (Қарталы, Ресей Федерациясы)
| |
| -> Тобыл *(тораптық станция)* -
| Әйтеке би - Никельтау -
| Қандыағаш *(тораптық станция)*
| (Семиглавый Мар - Ақтоғай
| желісімен қатынас)
| Қарағанды -> Шу *(тораптық станция)*
V Мойынты *(тораптық*
*станция)*
Ақтоғай *(тораптық* -> Семей - Ауыл *(шекаралық*
*станция)* *станция) - (Локоть, Ресей*
*Федерациясы)*
-> (Семиглавый Мар - Ақтоғай
желісімен қатынас)
Достық *(шекаралық*
*станция және*
*жолтабан ені*
*әртүрлі жолдардың*
*түйісу орны*
(Алашанкоу, Қытай)

**Семиглавый Мар - Ақтоғай**

(Озинки, Ресей
Федерациясы)
| Семиглавый Мар
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Орал *(шекаралық*
| *станция)*
| Илецк 1 *(шекаралық* -> (Орынбор, Ресей Федерациясы)

| станция) Ресей Федерациясы
| Ақтөбе
| Қандыағаш *(тораптық* -> Никельтау *(шекаралық станция* ) -
| станция) (Орск, Ресей Федерациясы)
| |
| -> Никельтау *(шекаралық станция)*
| Әйтеке би - Тобыл *(тораптық*
| *станция)* -
| -> Астана *(тораптық станция)*
V (Петропавл-Достық желісімен)
қатынас )

-> Мақат *(тораптық станция)* -
Ганюшкино *(шекаралық станция)* - (Ақсарай, Ресей Федерациясы)
|
-> Мақат *(тораптық станция)* -
Бейнеу *(тораптық станция)* -
Оазис *(шекаралық станция)* -
(Қарақалпақстан, Өзбекстан)
|
-> Бейнеу *(тораптық станция)* -
Ақтау порты *(паромдық терминал)*
*(Әзірбайжандағы, Иран Ислам Республикасындағы, Ресей Федерациясындағы және Түркменстандағы* Каспий теңізі порттарына дейінгі паромдық қатынас *)*

Төретам
Қызылорда
Арыс *(тораптық станция)* -> Сарыағаш *(шекаралық станция)* - (Келес, Өзбекстан)

Шымкент
Жамбыл
Луговая *(тораптық станция және шекаралық станция)* -> (Бишкек, Кыргызстан)

*Шу (тораптық станция)* -> Мойынты *(тораптық станция)*

Алматы-1

Үштөбе

Ақтоғай *(тораптық* -> (Петропавл - Достық желісімен *станция)*
қатынас)

**Қырғызстан**

**Бішкек - Кочкор**

(Луговая, Қазақстан)

| Аламедин
| Балычи
V [Кочкор]

[Кочкор - Торугарт]

| [Кочкор
| Казарман ( *тораптық* -> [жетіспейтін буын] - Багиш -
| *станция)* Джалал-Абад *(шекаралық станция)*
| - (Андижан, Өзбекстан)
| Торугарт ( *шекаралық*
| *станция* *және*
| *жолтабан* *ені*
V *әртүрлі* *жолдардың*
*түйісу* *орны)*

(Каши, Қытай)]

**Өзбекістан шекара - Ош**

| (Әндіжан, Өзбекстан)
V Ош *(шекаралық станция)*

**Лаосс Халық Демократиялық Республикасы**

**[Таналенг - Музя]**

[(Нонгхай, Таиланд)
| Таналенг
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Вьентьян -> [Ботен *(шекаралық станция)* -
V *(тораптық* (Цзинхун, Қытай)]
*станция)*

Тхаккхэк
Музя *(шекаралық*
*станция)*

(Музя, Вьетнам)]

**[Вангтао - Дэнсаван]**

[(Чонгмек, Таиланд)
| Вангтао *(шекаралық*
| *станция)*
| Паксе
V Саваннакхет -> *[(Мукдахан, Таиланд)]*
*(тораптық станция және*
*шекаралық станция)*
Дэнсаван
*{шекаралық станция)*
*(Лаобао, Вьетнам)]*

**Малайзия**

**Паданг-Бесар - Джохор-Бару**

| (Паданг-Бесар,
| Таиланд)
| Паданг-Бесар
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Букит-Мертаджам -> Баттеруэрт *(порт жанындағы станция)*
| *(тораптық станция)*
| Ипох
| Куала-Лумпур -> Порт-Келанг *(порт жанындағы станция)*
| *(тораптық станция)* -> Сития-Джая
| Каджанг
| Гемас *(тораптық* -> Вакаф-Бару *(тораптық станция)* -
V *станция)* Рантау - Панджанг *(шекаралық станция)*
-> (Сунгайколок, Таиланд)
Вакаф-Бару - Тумпат
Сегамат
Кемпас-Бару
*(тораптық* -> Пасир-Гуданг *(порт жанындағы станция)*
*станция)*
-> Танджунг-Пелепас *(порт жанындағы*
*станция)*
Джохор-Бару
*(шекаралық*
*станция)*
(Сингапур)

**Монғолия**

**Сухэ-Батор - Дзамын-Удэ**

(Наушки, Ресей Федерациясы)
| Сухэ-Батор *(шекаралық станция)*
| Улан-Батор
V Дзамын-Удэ *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны* )
(Еренхот, Қытай)

**Мьянма**

**Мандалай - Янгон**

Мандалай (тораптық станция) -> Лашио - [Мьюз ( *шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны* ) - -> (Жуэли, Қытай)]
-> Мьиткьина ( *шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны* ) - [(Качан, Қытай)]
Калай - [Таму ( *шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны* ) - (Джирибам, Үндістан)]
Баго(тораптық станция) -> Тханпьюзаят ( *шекаралық станция* ) -["Три Погоды", асуы,
-> ( *шекаралық станция* ) - "Три Погоды", асуы, Таиланд)]
Тханпьюзаят ( *шекаралық станция* )
- Йе
Янгон (порт жанындағы станция)

**Непал**

**Биргундж - Үндістанмен шекара**

| Биргундж *(шекаралық станция)*
V (Раксаул, Үндістан)

**[Какарвитта - Панитанки]**

| [Какарвитта
| *(шекаралық станция)*
V (Панитанки, Үндістан)]

**[Биратнагар - Джогбани]**

|                    [ Б и р а т н а г а р
V                    *( ш е к а р а л ы қ     с т а н ц и я )*
(Джогбани, Үндістан)]

**Пакистан**

**Кохитафтан - Вагах**

( М и р д ж а в е ,     И р а н     И с л а м
Республикасы)

|     К о х и т а ф т а н
|     *( ш е к а р а л ы қ*
|     *с т а н ц и я )*
| Далбандин     -> Гвадар *(порт жанындағы станция)*
V     *( т о р а п т ы қ     с т а н ц и я )*

Спезанд *(тораптық станция)*     -> Кетта - Бостан - Чаман *(шекаралық станция)* - (Ауғанстан)

Рохри *(тораптық станция)*     -> Хайдарабад *(тораптық станция)* - Карачи *(порт жанындағы станция)* - Касим *(порт жанындағы станция)*
|
-> Хайдарабад *(тораптық станция)* - Мирпурхас - Хокропар *(шекаралық станция)*

| Лодхран     -> Шер-Шах *(тораптық станция)* - Ханевал
| *(тораптық*     Файсалабад - Шахдара *(тораптық станция)*
| *станция)*     (Лахор-Пешавар желісімен қатынас)
|     -> Шер-Шах - Кундиан - Атток *(тораптық*
|     *станция)* - Пешавар *(шекаралық*
|     *станция)* - (Ауғанстан)

| Ханевал     -> Шахдара (Лахор-Пешавар желісімен қатынас)
V *(тораптық*
*станция )*

М у л т а н *(тораптық станция)*

Лахор

Вагах *(шекаралық станция)* (Аттари, Үндістан)

**Пешавар-Лахор**

(Ауғанстан)

|     П е ш а в а р
|     *( ш е к а р а л ы қ*
|     *с т а н ц и я )*

| Атток *(тораптық* -> Шер-Шах - Лодхран (Кохитафтан - Вагах
| *станция)* желісімен қатынас)
| Исламабад
| Равалпинди
| Шахдара -> Ханевал - Лодхран (Кохитафтан - Вагах
V *(тораптық* желісімен қатынас)
*станция)*

Лахор

**Корей Республикасы**

**Мунсан - Пусан**

(Бондон, Корей Халық Демократиялық Республикасы)
| Мунсан
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Сеул
| Сувон
V Тэджон *(тораптық* -> Мокпо *(порт жанындағы станция)*
*станция)*
Тэгу

Пусан *(порт жанындағы станция)*

**Ресей Федерациясы**

**Бусловская - Мәскеу**

(Вайниккала, Финляндия)
| Бусловская *(шекаралық станция)*
| Санкт-Петербург -> Мга - Волховстрой - Кошта -
| *(тораптық* Вологда - Котельнич *(тораптық*
| *станция)* *станция)* - Екатеринбург
| *(тораптық станция)*
| |
| -> Котельнич *(тораптық*
| *станция)* (Красное -
V Находка желісімен қосылады)
Мәскеу -> (Красное - Находка желісімен
*(тораптық* қосылады)
*станция)*

**Суземка - Москва**

(Зерново, Украина)
| Суземка
| *(шекаралық*

| *станция)*
| Брянск
| Мәскеу -> (Красное - Находка желісімен
| *(тораптық* қосылады)
V *станция)*

**Красное - Находка**

(Осиновка,
Беларусь)
| Красное
| *(шекаралық*
| *станция)*
| Смоленск
| Мәскеу
| Нижний Новгород
| Котельнич -> Санкт-Петербург
| *(тораптық*
| *станция)*
| Екатеринбург -> Қорған - Утяк *(тораптық станция)*
V *(тораптық* (Петропавл *(тораптық станция*
*станция)* -> *және шекаралық станция),*
Қазақстан)
Челябинск - Қарталы - Тобыл
*(тораптық станция және*
*шекаралық станция)* Қазақстан)
Челябинск - Қарталы - Орск -
Никель-Тау *{шекаралық станция)*
Челябинск - Қарталы - Орел -
Оренбург - Илецк *{шекаралық*
*станция)* - Ақтөбе (Қазақстан)
Татарская *(тораптық* -> Локоть *(тораптық станция және*
*станция)* *шекаралық)* - (Ауыл, Қазақстан)
Новосибирск *(тораптық* -> Локоть *(тораптық станция және*
*станция)* *шекаралық станция)* - (Ауыл,
Қазақстан
Красноярск
Иркутск
Улан-Уде

Заудинский *(тораптық станция)* -> Наушки *(шекаралық станция)* - (Сухебатор, Монғолия)

Каримская *(тораптық станция)* -> Забайкальск *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)*

(Маньчжоули, Қытай)

Уссурийск *(тораптық станция)* -> Гродеково *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Суйфэньхэ, Қытай)

-> Хасан *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Туманган, КХДР)

| Барановский

| *(тораптық*

| *станция)*

V Угловая *(тораптық станция)* -> Владивосток ( *порт жанындағы станция)*

Находка *(тораптық станция және порт жанындағы станция)* -> Восточный *(порт жанындағы станция)*

**Мәскеу - Самур**

Мәскеу

| Рязань

| Кочетовка *(тораптық станция)* -> Ртищево - Саратов - Озинки *(шекаралық станция)* - (Семиглавый Мар, Қазақстан)

| Грязи -> Волгоград *(тораптық станция)*

| Лиски

| Лихая *(тораптық станция)* -> Ростов - Краснодар *(тораптық станция)* - Веселое *(шекаралық станция)* - (Гантиади, Грузия)

|

-> Краснодар *(тораптық станция)*

- Крымская *(тораптық станция)*
- Новороссийск *(порт жанындағы станция)*
|
-> Крымская *(тораптық станция)* - Кавказ *(порт жанындағы станция және паромдық терминал)*

Волгоград -> Грязи *(тораптық станция)*
Ақсарай -> (Ганюшкино, Қазақстан) *(тораптық станция және шекаралық станция)*
Астрахань -> Порт Оля *(паромдық терминал)* - *(Әзірбайжандағы, Иран Ислам Республикасындағы, Қазақстандағы және Түркменстандағы* Каспий теңізі порттарымен паромдық қатынас*)*
Махачкала Самур *(шекаралық станция)* (Ялама, Әзірбайжан)

**Сингапур**

**Вудлэндз - Кеппел станциясы**

| (Джохор-Бару, Малайзия)
| Вудлэндз *(шекаралық станция)*
V
Кеппел станциясы

**Шри-Ланка**

**Матара - Шри-Джаяварденапура-Котте**

| Матара
| Коломбо *(порт жанындағы станция)*
V

Шри-Джаяварденапура-Котте

**Коломбо - Талайманнар**

| Коломбо *(порт жанындағы станция)*
| Махо *(тораптық* -> Тринкомали *(порт жанындағы*
| *станция)* *станция)*
| Талайманнар -> (Рамесварам, Үндістан)
V *(паромдық терминал)*

**Тәжікстан**

**Нау-Канибадам**

(Бекабад, Өзбекстан)
| Нау *(шекаралық*
| *станция)*
| Худжанд
V Канибадам *(тораптық* -> Исфара
*станция және*
*шекаралық станция)*

(Суванабад, Өзбекстан)

**Пахтаабад - Янгибазар**

(Сарыасия, Өзбекстан)
| Пахтаабад *(шекаралық*
| *станция)*
| Регар
| Душанбе 2
V Душанбе 1

Янгибазар

**Хошади - Куляб**

(Амузанг, Өзбекстан)
| Хошади *(шекаралық*
| *станция)*
V Қорған-Төбе *(тораптық* -> Яван
*станция)*

Куляб

**Таиланд**

**Нонгхай - Падангбесар**

(Тханаленг, Лаосс ХДР)

| Н о н г х а й *( ш е к а р а л ы қ с т а н ц и я )*
| Буаяй *(тораптық станция)* -> [Мукдахан *(шекаралық станция)* - (Саваннакхет, Лаосская ХДР)]
| Кенгкхой *(тораптық станция)* -> Накхонратчасима - Убонратчатхани - [Чонгмек *(шекаралық станция)* - (П а к с е, Л а о с с ХДР)]
| Банпачи *(тораптық станция)* -> Накхонсаван *(тораптық станция)* - Денчай *(тораптық станция)* Чингмай
| |
| -> [Н а к х о н с а в а н - М э с о т *(шекаралық станция)* - (Мьявади, М ь я н м а ) ]
| |
| -> [Денчай - Чианграй - Мэсай *(ш е к а р а л ы қ с т а н ц и я )* - (Т а ч и л е к, М ь я н м а ) ]
| Бангкок *(тораптық станция)* -> Ладкрабанг - Чаченгсау ( *тораптық станция)* - Сирача ( *тораптық станция)*
| Каочичан ( *тораптық станция)* -
| -> Саттахип *(порт жанындағы станция)*
V

Чаченгсау *(тораптық станция)* - А р а н ь я п р а т х е т - К х л о н г л а к *(шекаралық станция)* - [(Пойпет, К а м б о д ж а ) ]
-> Сирача - Лэмчабанг *(порт жанындағы с т а н ц и я )*
-> Каочичан - Маптапут *(порт жанындағы станция)*

Нонпладук *(тораптық станция)* -> Тамток *(тораптық станция)* - ["Три Погоды" асуы *(шекаралық станция)* - (Тханпьюзаят, Мьянма)]

Хатъяй *(тораптық станция)* -> Сунгайколок *(шекаралық станция)* (Рантау-Панджанг, Малайзия)
П а н а д г б е с а р *( ш е к а р а л ы қ с т а н ц и я )*

(Панадгбесар, Малайзия)

**Туркия**

**Капикуле - Капикой**

(Болгария, Еуропа)

| Капикуле *(шекаралық өткел)*

| Стамбул

| Эскишехир *(тораптық станция)* -> Алайынт - Балыкесир - Измир *(шекаралық өткел)*

| Анкара

| Калин *(тораптық станция)* -> Самсун *(порт жанындағы станция)*

| Сивас

V Сетинкая *(тораптық станция)* -> Карс *(тораптық станция)* - Догукапи *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Ахурян, Армения)

-> Карс *(тораптық станция, шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны)* - (Акхалкалаки, Грузия)

| Малатья *(тораптық станция)* -> Топпракале *(тораптық станция)* Адана - Мерсин *(порт жанындағы станция)*

| -> Топраккале - Искендерон *(порт жанындағы станция)*

V Татван-Ван *(паромдық өткел)*

Капикой *(шекаралық станция)*

(Рази, Иран Ислам Республикасы)

**Түркменстан**

**Түркменбаши - Чарджев**

(Баку, Әзірбайжан)

| Түркменбаши -> ( *Әзірбайжандағы, Иран Ислам*

| *(паромдық* *Республикасындағы, Қазақстандағы*
| *терминал)* *және Ресей Федерациясындағы* Каспий
| теңізі порттарымен паромдық қатынас *)*
| А ш г а б а д
| Т е д ж е н
| Мары *(тораптық* -> Паракхат - Сарахс *(шекаралық станция*
V *станция)* *және жолтабан ені әртүрлі жолдардың*
*түйісу орны)* - (Сарахс, Иран Ислам
Республикасы)
Чарджев *(тораптық* -> Газачак *(шекаралық станция)* -
*станция және* *(Питняк* - К.П. 449, Ө *збекстан)* -
*шекаралық станция* Дашховуз - Тахяташ *(шекаралық*
(Ходчадавлет, *станция)* - (Өзбекстан)
Ө з б е к с т а н )

**Өзбекстан**

**Келес - Ходчадавлет**

( С а р ы а ғ а ш ,
Қ а з а қ с т а н )
| К е л е с *( ш е к а р а л ы қ*
| *с т а н ц и я )*
| С ы р д а р и я
|
| Хаваст *(тораптық* -> Бекабад *(шекаралық станция)* - *(Най*
| *станция)* - *Канибадам, Тәжікстан)* Суванабад
| *( ш е к а р а л ы қ с т а н ц и я )*
| - Қоқанд *(тораптық станция)* - Маргилан
| - Андижан *(шекаралық станция)* - Ош,
| Қ ы р ғ ы з с т а н )
| |
| -> Қ оқанд *(тораптық станция)* -
| Н а м а н ғ а н
V Самарканд
Ұ лықбек -> Тинчлик - Учкудук - Нукус - Кунград -
Навои *(тораптық* Қарақалпақстан *(шекаралық станция)* -
*с т а н ц и я )* Оазис, Қазақстан)

Бұхара *(тораптық* -> Карши РЗД 154 *(шекаралық станция)* -
*станция)* *(Талимарджан - Келиф, Түркменстан)* -

Термез - Сарыасия - *(шекаралық станция)* - (Пахтабад, Тәжікстан)

Термез - Галаба *(шекаралық станция)* - (Хайратон, Ауғанстан)

|
V Ходчадавлет *(шекаралық станция)* (Чарджев, Түркменстан)

**Вьетнам**

**Донгданг - Хошимин**

(Пинсян, Қытай)
| Донгданг *(шекаралық станция және жолтабан ені әртүрлі жолдардың түйісу орны*)*
| *(* Гиаламға дейін жолтабан ені екі стандартты сызық)*
| Кеп *(тораптық станция)* -> Халанг *(порт жанындағы станция)*
| Йенвьен *(тораптық станция)* -> Хайфон *(порт жанындағы станция)*
| -> Донгань *(тораптық станция)* - Лаокай
V -> *(шекаралық станция)* - (Хэйку, Қытай)

Донгань *(тораптық станция)* - Лукса *(тораптық станция)* - Куантриеу
|
-> Лукса *(тораптық станция)* - Кеп

Зялам -> Хайфон *(порт жанындағы станция)*

Ханой

Танап *(тораптық станция)* -> [Музя *(шекаралық станция)* - (Лаосс ХДР)]

-> [Вунганг *(порт жанындағы станция)]*

Донгха -> [Лаобао *(шекаралық станция)* - (Лаосс ХДР)]

Д а н а н г
Хошимин *(тораптық станция)* -> [Локнинь *(шекаралық станция)* - (Камбоджа)]

Трансазия темір жол желісі жөніндегі үкіметаралық келісімге 2-қосымша

## Трансазия темір жол желісінің техникалық сипаттамаларына қатысты негізгі ережелер

**1. Жалпы ережелер**

Үкіметаралық келісімге 1-қосымшада келтірілген Трансазия темір жол желісінің техникалық сипаттамаларның негізіне төмендегі қағидаттар салынған. Жаңа темір жол учаскелерін салу, сондай-ақ қолданыстағы учаскелерді қайта жаңарту және жаңғырту кезінде де Тараптар осы қағидаттардың сақталуы үшін мүмкіндігінше бар күш-жігерін жұмсайды.

**2. Желінің өткізу және тасымалдау қабілеті**

Жүктердің және жолаушылардың тиімді, сенімді және үнемді темір жол тасымалдарын қамтамасыз ету үшін халықаралық маңызы бар желілердің жеткілікті өткізу және тасымалдау қабілеттілігі болуға тиіс.

**3. Тиеу көлемі**

Трансазия темір жол желісі БҰҰ АТМЭӘК өңірінің елдері үшін халықаралық интермодальдық көліктің кешенді желісін белгілеуде маңызды құрамдас бөліктердің бірі болатындығын ескере отырып, қажетті жағдайларда бар желілер жаңғыртылуы, ал жаңа желілер ИСО стандарттарына сай келетін ұзындығы кемінде 20 фут және одан да жоғары контейнерлердің кедергісіз тасымалдарын қамтамасыз ететіндей болып жобалануға тиіс.

**4. Үйлесімділік**

Техникалық талаптар халықаралық маңызы бар темір жолдармен халықаралық жүктерді және контейнерлерді кедергісіз тасымалдауды қамтамасыз етуге тиіс. Тиісінше, темір жолдар және тиісті инфрақұрылым мен жабдық халықаралық талаптарға, соның ішіндегі ауыр поездармен тасымалдауға және мұнай өнімдерін, көмірді, кенді, цементті және астықты ауыстырып-тиеуге қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Тараптар көрші елдердің және олар арқылы халықаралық маңызы бар темір жолдар өтетін басқа елдердің техникалық талаптарын ескергені, және техникалық шектеулерді жою және темір жолдардың үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін өз желілерін жаңғыртуға ұмтылғаны дұрыс.

Жолтабан ені тасымалдауды үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кезде

немесе жолтабан ені сәйкес болған жерде, шекараны кесіп өтетін жетіспейтін учаскелерді салу салдарынан, халықаралық тасымалдауда пайдаланылатын жылжымалы құрамның үйлесімділігіне және атап айтқанда тежеу жүйелері мен ілінісуіне қатысты нақты сипаттағы сұрақтар пайда болады. Осыған байланысты шекара арқылы темір жол тасымалдарының тиімділігін қамтамасыз ету үшін пневматикалық тежегіші және үйлесімді ілінісу жүйелері бар жылжымалы құрамдарды пайдалану талап етіледі.

Анықтама үшін төменде Трансазия темір жол желісіндегі жолтабан ені туралы деректер келтіріледі.

| **Трансазия темір жол желісіне мүше елдердегі темір жол жолтабанының ені (мм)** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1000 | 1067 | 1435 | 1520 | 1676 |
| 1. Бангладеш [1]<br>2. Камбоджа<br>3. Лаосс ХДР<br>4. Малайзия<br>5. Мьянма<br>6. Сингапур [3]<br>7. Таиланд<br>8. Вьетнам [4] | Индо-незия | 1. Қытай [2]<br>2. Корей ХДР<br>3. Корей Республикасы<br>4. Иран Ислам Республикасы<br>5. Түркия | 1. Армения<br>2. Әзірбайжан<br>3. Грузия<br>4. Қазақстан<br>5. Қырғызстан<br>6. Монғолия<br>7. Ресей Федерациясы<br>8. Тәжікстан<br>9. Түркменстан | 1. Бангладеш [1]<br>2. Үндістан<br>3. Непал<br>4. Пакистан<br>5. Шри-Ланка |

Трансазия темір жол желісіне әлеуетті мүшелер: Филиппин (жолтабан 1 067 мм) және Жапония (жолтабан 1 067 мм)

**Ескерту:**

[1] Елдің темір жол желісінің бөлігі.

[2] Сондай-ақ, жолтабан ені 1 000 мм (Вьетнамнан және Вьетнамға) жолды да қамтиды.

[3] Қозғалыс Малайзия темір жолдары бойынша жүзеге асырылады.

[4] Сондай-ақ, жолтабан ені 1 000 мм және 1 435 мм құрайтын (Қытайдан) жол да бар.

**5. Контейнерлік терминалдарға арналған стандарттар**

Халықаралық интермодальдық тасымалдар тиімді жұмыс істейтін контейнерлік терминалдардың болуын талап етеді. Трансазия темір жол желісіндегі халықаралық контейнерлік терминалдар:

келуге/жөнелтуге уақыт жоғалтпау үшін негізгі магистральдарға мүмкіндігінше жақын орналасуға;

сұрыптау станцияларының жұмысына басқа маневрлар кедергі жасамауы үшін осы станциялардан басқа жақта орналасуға;

автомобиль көлігінен теміржол көлігіне жүктерді ауыстырып-тиеудің сенімділігіне кепілдік беру үшін теміржол вагондарына еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

қажетті маневрлардың санын азайту үшін тиеу/түсіру орындарында жеткілікті ұзын жолдар болуға;

ИСО стандарттарына жауап беретін кемінде ұзындығы 20 фут контейнерлерді тиеуді және түсіруді жүзеге асыруға қабілеті бар порталдық краннан, жебелік автотиегіштерден, жүк көтергіш құралдардан және/немесе механикалық төсегіштерден тұратын жабдықпен жабдықталуға;

кеңейту мүмкіндігін көздеуге;

жүктерді кедендік тазалауды қамтамасыз етуге тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК